

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні



ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАҒАН ЖАНДАР АНАЛАР ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

МЕРЕЙ

Халықаралық әйелдер күніне орай Қосшы қаласының Мәдени-спорттық кешенінде «Ана – ғұмыр, ана – жыр, ана – өмір шуағы» атты салтанатты мерекелік шара өтті.

Салтанатты шара басталардың алдында классикалық үлгіде ақ-қара түсті киім киген жігіттер мерекеге келген қонақтарға ізет көрсетіп, қарсы алып, орындарына жетектеп апарып, жайғастырып жатты. Мерекенің шымылдығы «Кәусар» би ансамблінің мың бұралған қазақ биімен ашылды.

Бұдан кейін сахна төріне көтерілген Қосшы қаласының әкімі Азамат Есімұлы жиылған қауымға мерекелік тілегін арнады. «Ақжаулықты әжелер, аналар, сұлу қарындас, қырмызы қыздар, баршаңызды көктемнің алғашқы мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қазақ қай заманнан ананы сыйлап, қызға құрмет көрсете білген. Жер бетіндегі жақсылық атаулының бәрі аналардың үлкен жүрегімен әрленеді десек, жылына бір тойланатын мерекеде олардың еңбектері бағаланып, сый-құрмет көрсету – біздің парызымыз! Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға бақ-береке, аمانдық тілеймін!» деді әкім.

А. Қапышев құттықтау сөзінен кейін бір топ аналарды марапаттады: «Күміс алқа» төсбелгісін Назгүл Дәулетбайқызына,

«Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін Майра Әсембайқызына табыс етті. Қала әкімі Қосшы қаласының дамуы сүбелі үлес қосқан әр саладағы нәзік жанды аруларды алғыс хатпен, гүл шоғымен құттықтап, ықылас танытты.

Салтанатты шараның ресми бөлігінен кейін, «Балдәурен» балабақшасының кішкентай бүлдіршіндері «Әже, әжетайым» әнін әдемі орындап, сахна көркін аша түскендей. Ал Мәдениет үйінің әншісі Нұрболат Сейітмұратов «Анаға сый» әнін орындаған сәтте жігіттер қауымы залда отырған аналарға гүл сыйлады.

«АМАНАТ» партиясы Қосшы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Рақымжан Сейдахметов: «Қымбатты аналар және арулар! Сіздерді 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі мейрам – ізгіліктің, мейірімділіктің, әдеміліктің нышаны. Сіздер өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттық нұрын себесіздер. Сіздердің қолдауларыңыз әркімнің жүрегінде сенімділік ұялатып, шуақ

сыйлайды. Осы айрықша қасиеттеріңіз мәңгілік салтанат құрып, елге ырыс-құт дарысын. Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, көтеріңкі көңіл-күй тілеймін!» деп ізгі тілегін арнады.

Сахна төріне көтерілген қазақ эстрадасының жас жұлдызы Мәди Қадыров «Сұлу қыз, ару аналарымызды, аяулы әпке-қарындастарымызды бүгінгі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Әрқашан бізді махаббат пен мейірімге бөлеп, жанымызда болыңыздар! Көңілдеріңіз көтеріңкі, дендеріңіз сау, жүректеріңіз махаббатқа толы болсын!» деп көпке танымал «Девочка из Караганды», «Махаббат апарады Гавайға» әндерін тарту етіп, жиылған жұрттың көңілін бір көтеріп тастады.

Мерекелік шарада әдемі ән, жанға жылу берер тәтті тілек, ырғақты би де болды. Бастысы аналар мен арулардың жүздерінде қуаныш, жанарларында от ойнап, мерекелік көңіл-күймен тарқасты.

Гүлназ БИСЕН

№9(148)

8 НАУРЫЗ
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña

Bastau

[janabastau](#)
[www.janabastau.kz](#)
[janabastau1@gmail.com](#)

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАР

Қосшы қаласында көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындықты пысықтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында маңызды жиын өтті. Бұл отырыс Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышовтың төрағалығымен ұйымдастырылып, оған тиісті мекемелердің басшылары, жауапты қызметкерлер және төтенше жағдайлар саласының мамандары қатысты.



Көктемгі су тасқыны – табиғаттың тосын мінез танытуының бір көрінісі. Ол жыл сайын қардың күрт еруімен қатар көптеген елді мекендер үшін айтарлықтай қауіп төндіреді. Осындай табиғи құбылыстардың алдын алу және олардың зардаптарын болдырмау мақсатында Қосшы қаласының әкімдігі мен жауапты мекемелер жан-жақты дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Қала басшылығының тікелей бақылауымен жүзеге асырылып жатқан бұл жұмыстарға әкімдік қызметкерлері, жергілікті депутаттар, коммуналдық шаруашылық мамандары, төтенше жағдайлар бөлімі және жеке кәсіпкерлер жұмылдырылған. Қала мен оған қарасты елді мекендердегі су ағатын арналар мен бөгеттердің жағдайы үнемі тексеріліп, қажет болған жағдайда оларды нығайту шаралары жүргізілуде. Сонымен қатар арнайы техника күшейтілген режимде жұмыс істеп, жиналған қар полигондарға шығарылууда.

Қыс маусымы басталғалы бері Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылы аумағынан арнайы полигонға 130 мың текше метр қар шығарылды. Бұл жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп, қазіргі уақытта да қарқынды жалғасуда. Қырыққа жуық ауыр техника осы мақсатта кестеге сай жұмыс атқаруда. Сонымен қатар арық жүйелері мен су өтетін көпір айналасы кептелген қар мен қоқыстан тазартылууда.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

«Қосшы қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жеке-леген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қосшы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 85/19-8 шешімінің 10-тармағының 5) тармақшасына сәйкес «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне: «Алтын алқа» және «Күміс алқа»

Қала басшылығы мен жауапты органдар көктемгі маусымда жағдайды үнемі бақылауда ұстап, тиісті жұмыстарды тұрақты түрде жүргізуде.

Жиын барысында күн тәртібіне Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылындағы 2025 жылғы көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық мәселесі енгізілді. Сонымен қатар қала аумағынан қар шығару жұмыстарының барысы қаралды.

Қаланың төтенше жағдайлар қызметі, коммуналдық мекемелер және басқа да жауапты құрылымдар қазіргі жағдай туралы баяндап, қолға алынған шаралар мен алдағы жоспарлар жөнінде есеп берді. Қала әкімі Азамат Қапышов су тасқыны қауіпін барынша азайту үшін атқарылатын жұмыстарды жеделдетуді, қар шығару қарқынын арттыруды және инженерлік инфрақұрылымды нығайтуды тапсырды.

Сонымен қатар жиын барысында су тасқынының алдын алу шаралары, су арналарының тазалануы, арнайы техниканың дайындығы, сондай-ақ жергілікті халықты төтенше жағдай кезінде жедел хабардар ету жүйесінің тиімділігі сияқты маңызды мәселелер де жан-жақты талқыланды.

Жиын қорытындысы бойынша, жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеліп, олардың орындалуы тұрақты бақылауда болатыны атап өтілді.

алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде» төлем жүргізіледі.

А.Ахынов, Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы

ҚҰТТЫҚТАУ!

Айналайын, ақ жаулықты аналар, алтын жүректі апалар, ақылы дария қыз-келіндерім!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әйел адам – отбасының берекесі, шаңырақтың шамшырағы, ұрпақтың тәрбиешісі, өмірдің шуағы. Қай кезде де әйел-анаға деген құрмет ерекше, сіздердің маңдайларыңыздағы ақ жаулық – тазалықтың, мейірімнің, парасаттың белгісі.

Алла тағала дендеріңізге саулық, көңілдеріңізге шаттық берсін! Үйлеріңізден ырыс пен ынтымақ кетпесін! Жүздеріңізден күлкі, жүректеріңізден мейірім, шаңырақтарыңыздан шаттық кетпесін. Ұрпағыңыздың қызығына тоймай, ұзақ ғұмыр сүріңіздер!

Әр күндеріңіз нұрлы, өмірлеріңіз берекелі болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын, қарақтарым!



Қабділбар Абақов,
Ардагерлер кеңесінің төрағасы

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫНА ҚҰРМЕТ

Наурыздың 6 жұлдызында Тайтөбе ауылының Мәдениет үйінде көктемнің шуақты әрі ең көркем мерекелерінің бірі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты концерт өтті. Бұл шара ауыл тұрғындары мен қонақтарын ерекше көңіл-күйге бөлеп, аналар мен аруларға деген құрмет пен сүйіспеншілікті айшықтайтын жарқын кешке айналды.



Салтанатты шарада Тайтөбе ауылының әкімі Парасат Досмағанбетов сөз сөйлеп, барша нәзік жандыларды көктемнің ең әсем мерекесімен құттықтады:

«Құрметті ауылдастар, қадірлі қонақтар! Ақ жаулықты әжелер, ардақты аналар, қарақөз қарындастар! Сіздерді Тайтөбе ауылы әкімдігі ұжымының атынан көктемнің ең көрікті әрі қуанышты мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ұзақ та бақытты өмір тілеймін. Еліміздің дамуына қосып жатқан үлестеріңіз үшін алғысымды білдіре отырып, еңбектеріңізде табыс пен биік белестер тілеймін!» деп, өз жүрекжарды тілегін жеткізді.

Көктем – табиғаттың ғана емес, өмірдің, жаңа бастамалардың, жылулық пен мейірімнің символы. Бұл мезгілдің алғашқы мерекесі – 8 наурыз әйел-аналарға, әпке-қа-

рындастарға, ару қыздарға деген құрмет пен алғысқа толы ерекше күн. Өйткені әйел – отбасының берекесі, ұрпақ тәрбиесінің негізі, қоғамның ажырамас тірегі. Аняның мейірімі, қыздың инабаты, жардың қамқорлығы – әр шаңырақтың жылулығы мен тұрақтылығының кепілі.

Осы бір айтулы күнде Тайтөбе ауылының ақ жаулықты аналары, түрлі салада елеулі еңбек етіп жүрген нәзік жандылар, ұстаздар мен дәрігерлер, жастары мен қонақтары бас қосты. Оларға құрмет көрсетіліп, жылы лебіздер айтылды. Мерекелік кеш әсерлі әндермен, мың бұралған билермен әрленіп, жиналған жұртшылыққа ұмытылмас әсер сыйлады.

Мерекелік концерт көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, ауыл тұрғындары ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИТОГАХ РЕГИСТРАЦИИ

кандидатов в депутаты Косшынского городского маслихата Акмолинской области по одномандатному территориальному избирательному округу № 3 вместо выбывшего (выборы 30 марта 2025 года)

по состоянию на 18.00 часов 5 марта 2025 года

№ р/с	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
1	Дюсембаева Мөлдір Маратқызы	1994	Жастар ресурстық орталығының жетекшісі, Қосшы қаласында тұрады	Өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған
2	Кәкімжанов Дидар Бөлтірікұлы	1991	«Кәкімжанова» ЖК басшысы, Қосшы қаласында тұрады	Өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған
3	Қалиев Рауан Ақылбердіұлы	1983	«Respublika» Партиясы» ҚБ Қосшы қалалық фракциясының бас талдау менеджері, Қосшы қаласында тұрады	Өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған

№ 3 округтік сайлау комиссиясы

№ п/п	Фамилия, имя, отчество	Год рождения	Занимаемая должность, места работы и жительства	Кем выдвинут или в порядке самовыдвижения
1.	Дюсембаева Мөлдір Маратқызы	1994	Руководитель Молодежного ресурсного центра, проживает в городе Косшы	В порядке самовыдвижения
2.	Какимжанов Дидар Бултирикович	1991	Руководитель ИП «Какимжанова», проживает в городе Косшы	В порядке самовыдвижения
3.	Калиев Рауан Ақылбердыевич	1983	Главный менеджер аналитик фракции ОО «Партия «Respublika», проживает в городе Косшы	В порядке самовыдвижения

Окружная избирательная комиссия № 3



ТАПҚЫРЛАР САЙЫСЫ

«ЖАРҚЫРАҒАН ЖАЙДАРМАННЫҢ» ЖАЛЫНДАҒАН САЙЫПҚЫРАНДАРЫ

«Алтын дән» балабақшасында тәрбиешілер арасында «Шабыт» жобасы аясында «Жарқыраған Жайдарман – 2025» тақырыбында ойын-сауық кеші өтті.

Қазақстандық қоғамның жаңғыруы мен инновациялық дамуы жағдайында тұлғаның ең маңызды қасиеттері – бастамашылдық, шығармашылық, жауапкершілік. Қосымша білім беру жүйесі осы қасиеттердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді, сонымен қатар тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауын дамытудың анықтаушы факторларының бірі болып табылады.

Шығармашылық және концерттік іс-әрекеттер арқылы тәрбие жұмысының жүйесін жетілдіру. Жалпы, іс-шараның мақсаты: қоғамда орын алып жатқан оқиғаларды, мәселелерді астарлы түрде әзілмен халыққа жеткізу, қазақ тілінің дамуына өз үлесін қосу, шығармашылық қабілетін арттыру. Қатысушы командалар ортаға шақырылып, әділқазы алқаларымен танысып, жеребе тастап, іс-шарамызды бастадық.

Жарысқа «Қыздарай», «Маска шоу», «Байдың балалары» және «Family» командалары

қатысты. Жайдарман ойыны негізгі 4 кезеңнен құрылды: таныстыру, қайым айтыс, құпия ұяшық және үй тапсырмасы.

Ойын барысы өте көңілді өтті. Қатысушы топтар өз дайындықтарын жоғарғы деңгейде көрсете білді. Әділқазы алқалары әр кезең соңында әділ баға беріп отырды. 4 – кезең бойынша жалпы ұпай саны саналып, нәтижесінде: Бас жүлде – «Қыздарай» тобы, 1 – орын «Байдың балалары», 2 – орын «Family», 3 – орын «Маска шоу» командасы иеленді. Жеңімпаз командалар кубок, медаль және мадақтау қағаздарымен марапатталды.

«Жарқыраған жайдарман – 2025» ойын-сауық кешін керемет көңіл күймен аяқтадық. Іс-шараны музыка жетекшілері Гүлдана Дарханқызы және Айдана Батырғалиқызы ұйымдастырды.

Гүлдана Сұлтанова, Айдана Турхашова,
«Алтын дән» балабақшасының
музыка жетекшісі



ІЗЕТТІЛІК

Бүлдіршіндердің алғыс айту дағдыларын қалыптастыру

Алғыс айту – балалардың адамгершілік қасиеттерінің, әдептілік пен ұят сезімінің қалыптасуына әсер ететін маңызды дағды. Бұл дағды мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасып, бүлдіршіндердің болашақ өмірінде өз орнын табады. Алғыс айту – балаларды өздерінің және басқалардың еңбегін бағалауға, қоршаған ортаны құрметтеуге тәрбиелейді. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың алғыс айту дағдыларын қалай қалыптастыру керектігі туралы сөз қозғаймыз.

Алғыс айтудың маңызы

Алғыс айту тек адамгершіліктің көрінісі ғана емес, ол адамның ішкі мәдениетінің де белгісі. Мектеп жасына дейінгі балаларға осы дағдыны меңгерту арқылы, оларды айналадағы адамдармен қарым-қатынаста әдепті болуға, өздерінің сезімдері мен ойларын түсінікті әрі құрметпен білдіруге үйретеміз.

Үлгі көрсету

Мектепке дейінгі балалар бірінші кезекте ата-аналардан, тәрбиешілерден үлгі алады. Сондықтан ересектердің өздері алғыс айтуға дайын, ашық болулары керек. Күнделікті өмірде біз әрбір кішкентай көмек пен жақсылық үшін алғыс айтып жүрсек, балалар да бұл әрекетті қабылдап, өздері де солай жасай бастайды.

Ойындар мен жаттығулар арқылы дамыту

Балалар ойын арқылы көп нәрсені үйренеді. Олар түрлі рөлдерде ойнап, алғыс айтуға арналған ситуацияларды моделдеуге мүмкіндік алады. Мысалы, «Кімнің көмегі керек?» ойынында бір бала басқа балаларға көмек сұрау немесе көмек көрсету арқылы алғыс айту дағдысын дамыта алады.

Кітаптар мен ертегілер

Алғыс айту туралы ертегілер мен әңгімелер балаларға үлкен әсер етеді. Балаларға алғыс айту туралы оқиғалар арқылы олар осы дағдының маңызын түсініп, өздері де осындай әрекеттерге еліктейді.

Алғыс айту күнделіктері

Мектеп жасына дейінгі балаларға күнделікті алғыс айту жаттығуларын жасау ұсынылады. Әр күні олар күннің жақсы сәттерін жазып, қандай көмек алғандарын немесе кімдерге алғыс айтатынын жазып жүруі мүмкін. Бұл

дағды күнделікті өмірге енген сайын, балалар өздерін оңай әрі еркін түрде білдіре бастайды.

Эмоционалды қолдау

Алғыс айту дағдысы баланың эмоциялық деңгейіне тікелей байланысты. Егер бала басқалардың көмегіне немесе қолдауына шынайы алғыс білдірсе, ол өзінің ішкі жағдайын жақсартуға, достық қарым-қатынастарын нығайтуға мүмкіндік алады. Тәрбиешілер мен ата-аналар балалардың эмоциялық жағдайын қолдап, олардың дұрыс шешім қабылдауына көмектесуі керек.



Алғыс айтудың әлеуметтік маңызы

Алғыс айту дағдысы балаға ғана емес, оның қоршаған ортасына да пайдалы. Айналадағы адамдарға көрсетілген құрмет баланың әлеуметтік дағдыларын дамытып, оның қоғамдық өмірге бейімделуіне ықпал етеді. Алғыс айту арқылы баланың өзін-өзі бағалауы артып, қоғамдағы орны нығаяды.

Индира Нұрбекқызы, «Алтын дән»
балабақшасының тәрбиешісі

БАЛА – ТІЛІ БАЛ

«Алтын дән» балабақшасы» МКҚК базасында мектепке дейінгі сапалы білімге барлық балалардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде үздік тәжірибелерін тарату және тәрбиешілердің кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында Құзыреттілік орталығы құрылған болатын.

Құзырет дегеніміз – алға қойған мақсаттарға жету

Мақсаты:

Педагогтердің шығармашылық бастамаларына әдістемелік қолдау көрсету;
Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру;
Тәрбие мен оқытуда сапалы қызмет көрсетуді нығайту;
Заттық-кеңістік дамытушы орта құруда әдістемелік қамтамасыз ету;
Шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтердің озық тәжірибелерін тарату, қолдау көрсету болып табылады.

Құзыреттілік орталығының өсу нүктесі бойынша:

- «Алтын дән» балабақшасы МКҚК,
- «Балдаурен сан» ЖШС «Балдаурен» балабақшасы,

жан-жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Демек, бала – біздің болашағымыз болса, баланың болашағы біздің қолымызда. Сондықтан да заман талабына сай жан-жақты, білімді жас ұрпақты тәрбиелеуде таным ұғымына үңіліп, оны дамыту жұмыстарын қолға алып келеміз.

«Құзыреттілік – бала іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі, ал құзырет дегеніміз – алға қойған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық».

Балабақшамызда «Мектепке дейінгі балаларға арналған заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудың түрлері мен әдістері» тақырыбында «Не, Қайда, Қашан?» атты қызықты ойын өтті. Мұнда заттық дамытушы ортаның маңыздылығына, балалардың физикалық, эмоционалдық, әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге жайлы жағдай жасалуы туралы айтылады.

Заттық дамытушы орта – балабақшадағы әрбір баланың дамуы үшін өте маңызды құрал. Ол балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Балалардың өзін-өзі дамытуы үшін жасалған, олардың қызығушылығын оятатын, ойлау қабілетін дамытатын заттардың жиынтығы.

Әр жастағы балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, қызығушылықтарын ескере отырып, заттар мен ойыншықтардың еркін қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет. Балалардың айналысатын ісіне өз беттерінше таңдау жасауына мүмкіндік беру, өз идеяларының іске асырылуына қолдау көрсету үшін әртүрлі материалдар шоғырландырылған орталар құрылды.

Сөзімді қорытындылай келе, баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеріп, қолжетімді заттық дамытушы арнайы орта жабдықтау арқылы білуге құмар, дербес, жаңа нәрсені қызығушылықпен қабылдайтын, әлемді танып білуге құштар тұлға қалыптастырамыз деген ойдамыз.

Ақмарал Аманжолқызы,
«Алтын дән» балабақшасының әдіскері

СҰЛУЛЫҚ САЙЫСЫ

«Қосшы аруы – 2025»:
БАС ЖҮЛДЕ – ДУБАЙҒА ЖОЛДАМА

Көктемнің шырайлы шуағымен қатар келген дәстүрлі «Қосшы Аруы – 2025» қалалық сұлулық байқауы биыл да өз деңгейінде өтті. Бұл байқау – қазақ қыздарының көркем мінезі мен биязы болмысын дәріптейтін, салт-дәстүрімізді жаңғыртып, өнер мен парасаттылықты насихаттайтын ерекше шара. Биыл қалада сұлулық байқауы төртінші мәрте өткізіліп, жиылған көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады. Қыз балаға тәрбие берер салт-дәстүрімізді жаңғырту, биязы қылық, өрелі өнер, инабаттылығын дәріптеуді көздеген байқаудың мақсаты биік. Ауқымды шараны Қосшы қаласының әкімдігі, оның ішінде ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің қолдауымен жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды.

Көптің арасынан іріктеліп ортаға шыққан арулар бірінен бірі өткен сұлу, кербез, қылықты екен. Сыр-сымбатты қатар ұстаған қыздарға байқауда баға беретін қазылар алқасының арасында Қосшы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, меценат, жеке кәсіпкер Дидар Бөлтірікұлы, «Қазақтың аналары – Дәстүрге жол» жобасының негізін қалаушы, актриса, продюсер Айнұр Жүгінісова, Қосшы қаласы Аналар кеңесінің төрайымы Әйгерім Асқатқызы, Тайтөбе ауылдық Мәдениет үйінің басшысы Айбек Талғатұлы, қалалық мәслихаттың депутаты Ирина Серікбайқызы бар. Бұдан бөлек, тәуелсіз сарапшылар да хас сұлулардың өнерін бағалауға атсалысты. Олардың ішінде «Арыстан» аралас жекпе-жек академиясының негізін қалаушы, Ақмола облысының федерация президенті, аралас жекпе-жектен аға жаттықтырушы, Ақмола облысының 2023 жылғы «Жігіт сұлтаны» – Мұхаммед Амантаев пен қалалық мәдениет үйінің дәстүрлі әншісі Райымбек Айтжан төбе көрсетіп, сынаққа түскен қыздарға барынша қолдау көрсетті.

Байқауға қатысуға 18-25 жас аралығындағы алма мойын, қиғаш қас сұлулар өтініп беріп, оның жетеуі іріктеуден өткен. Міне сол жеті ару өнерімен, ісмерлігімен, тапқырлығымен додаға түсіп, шын мықтысы анықталады. Байқау бес кезеңді қамтыды. Алғашқы кезең «Таныстыру» және «Бәрінен де сен сұлу!» деп аталды. Мұнда қыздар ұлттық киімде сән үлгісін көрсетіп, өздерін жан-жақты таныстырды. Ал «Артық болмас білгенің» кезеңінде сұлулар қазақ халқының салт-дәстүріне, тарихына, ұлттық киімдеріне қатысты танымдық сұрақтарға жауап берді. Мұнан кейінгі «Өнерге әркімнің ақ бар таласы» кезеңінде Әлима Серікқызы «Аштық тауқыметі» тақырыбында театралды көрініс ұсынды, ал Ләззат Қарағұлқызы «Сүйірік» фильмінен үзінді келтірді. Айгерім Мұратқызы әдемі ән шырқады, Ақерке Құтмерген «Үкілі ару» биін мың бұрала орындап берді. Балжан Санақбайқызы «Ақбаян» мюзикльн

сахналап, таң қалдырды. Гүлсезім Сайранова «Ерке сылқым» биін тамаша орындап, көрерменнің қошеметіне бөленді. Ортаға соңғы болып шыққан Мәдина Рақымтайқызы «Қыз ғұмыр» монологімен көпшіліктің көкейіндегі жайтты әдемі жеткізді.

Төртінші кезеңнің орны тіпті бөлек. Бұл кезеңде арулар ас дайындаудағы ептілігін байқатып, малдың ішегінен жөргем өруге кірісті. Сайысқа түскен арулар тағам дайындауға белгіленген уақыттан асырмай, ас үйде шебер екендіктерін мүлтіксіз көрсете білді. Осылайша, ісмер қыздар бұл байқауды да еңсеріп тастады.



Сахна төрінде өнер көрсеткен аруларды әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен бойларына дарыған таланттарын, ұядан көрген тәрбиелерін, ортадан алған білімдерін сан қырынан көрсете білді. Кіл жүйріктен бір жүйрік атануына себеп болды. Осылайша әділ қазылар алқасының шешімімен Гүлсезім Сайранова «Өнерлі ару», Мәдина Рақымтайқызы «Зерделі ару», Айгерім Мұратқызы «Көрікті



ару» номинациясына лайықты деп танылды. Жүлделі ІІІ орынды Ләззат Қарағұлқызы, ІІ орынды Балжан Санақбайқызы, І орынды Әлима Серікқызы иеленді. Бас жүлде «Жанұя» емханасының мейірбикесі Ақерке Құтмер-

генқызына бұйырды. Ол байқаудың басты сыйы – Дубайға жолдаманы ұтып алды.

Байқаудан алған әсерімен бөліскен жеңімпаз:

«Бұл шараға қатысқанымға өте қуаныштымын. Байқауға дайындық барысы өте қызықты болды, әрі жауапкершілікті талап етті. Әрбір кезеңде өзімді толықтай көрсету үшін еңбектендім. Дайындық, костюм, тіл, қимыл-қозғалыс және эмоцияға дейін көңіл бөлдім, тыңғылықты әзірлендім. Байқауға қатысудың өзі үлкен тәжірибе береді, көп нәрсе үйрендім. Алған әсерім ерекше. Бұл байқау мені рухани тұрғыдан байытты, жаңа достар таптым. Мені жеңіске жетуге шабыттандырған әріптестерім болды. Қолдау білдіріп, барлық жағынан жігерлендірген жақындарыма, сондай-ақ «Жанұя» емханасы ұжымына ерекше алғыс айтамын», деп ұйымдастырушыларға, қолдаушыларға ілтипатын білдірді.

Отбасында ағайынды алтаудың сүт кенжесі – Ақерке Құтмергенқызы бұл байқауда ізеттілігімен, өнерімен, тапқырлығымен көзге түсті. Қолы қалт етсе кітап оқып, би үйірмесіне қатысып, өзін ұдайы дамытып жүретіндігінің арқасында бүгінгі сайыста оның өнері үстем болып, өзін ақылына көркі сай жан екендігін көрерменге мойындатты.

Гүлназ БИСЕН

БАСПАСӨЗ – 2025

«Jana Bastau» газетіне жазылыңыз – iPhone 16 Pro Max ұтып алыңыз!

Науқан 2025 жылдың соңына дейін ұзартылды!

- Жазылым құны: 7000 тг / 12 ай
- Жазылым арқылы: Сіз тек құнды ақпаратқа ие болып қоймай, керемет жүлдеге үміткер атанасыз!
- Қалай жазылуға болады?
 - Kaspi.kz** — Төлемдер — Баспасөзге жазылу — Jana Bastau
 - (Kaspi.kz — Платежи — Подписка на СМИ — Jana Bastau)**
 - Немесе QR-кодты сканерлеп, бірден жазылыңыз!
 - Жазылым туралы чекті +7 707 480 1149 (WhatsApp) нөміріне жіберіңіз!

- ЖЕҢІМПАЗ ҚАШАН АНЫҚТАЛАДЫ? Жазылым белгіленген межеге жеткен соң, жеңімпаз Жаңа жыл қарсаңында тікелей эфирде, РАНДОМУС әдісі арқылы анықталады!
- Сіз ұтылмайсыз – ең бастысы, газетке жазылып, маңызды ақпаратқа қол жеткізесіз!
- Жазылыңыз, жаңалықтан қалыс қалмаңыз!

Подпишитесь на газету «Jana Bastau» – выиграйте iPhone 16 Pro Max!

- Акция продлена до конца 2025 года!
- Стоимость подписки: 7000 тг / 12 месяцев
- Подписка – это не только ценные новости, но и шанс выиграть крутой приз!
- Как оформить подписку?
 - Откройте **Kaspi.kz** — Платежи — Подписка на СМИ — Jana Bastau
 - Или отсканируйте QR-код и оформите подписку за секунды!
 - Отправьте чек о подписке на +7 707 480 1149 (WhatsApp)
- Когда будет определён победитель? Как только подписка достигнет нужного количества, победитель будет выбран случайным образом (методом RANDOMUS) в прямом эфире накануне Нового года!
- Вы в любом случае в выигрыше – получаете доступ к важной информации!
- Подпишитесь и будьте в курсе всех новостей!

«Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газеті



Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

Jana
Bastau

Меншік иесі —
«Bastau Media» ЖШС

Директор —
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары
Гүлназ БИСЕН

Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Асылжан КҮНТУҒАН

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Майгүл ХАРИҒАЗЫ

Нөмердің кезекшісі
Гүлназ БИСЕН

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz